| 12 | Мухамедьярова Гулбану Куанышбековна | Білім беру және мәдениет жүйелері кітапханаларының жұмыс тәжірибесіндегі заманауи цифрлық технологиялар | 03.10.2025ж «Дамыту» қоғамдық қоры | қашықтық | 42 сағат | № Б 238188 |

## Жас мамандармен жұмыс.

Жас мамандардың мектепке тез бейімделу үшін және оқу-тәрбие үрдісінде нәтижелі жұмыс жасау үшін мектепте тұрақты «Жас маман мектебі» жұмыс жасайды. «Жас маман мектебінің» мақсаты: жаңадан жұмыс бастаған оқытушыларда кәсіптік құзіреттіліктерді, әдістемелік дағдыларды, үнемі өздігінен даму мен өздігінен жетілу қажеттіліктерін қалыптастыру.

Қойылған мақсатқа жету үшін міндеттер айқындалған. Міндеттердің негізгі мазмұны педагогикалық ұжымда жас мамандарға қолдау көрсету жағдайын жасау, әдістемелік іс-тәжірибенің дағдыларын меңгеруде, оқу-тәрбие қызметің жоспарлауда мен ұйымдастыруында көмек көрсету.

«Жас маман мектебінің» жұмыс жоспарына кіреді:

1. Бұйрық бойынша арнайы жеке тәжірибелі тәлімгер бекіту;
2. Нормативтік-құқықтық әдістемелік және локальді құжаттармен танысу.
3. Тақырыптық-күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарын жасауға бағыт беру.
4. Өз білімін жетілдіру тақырыбын таңдауға көмек беру.

5. Тәжірибелі мамандардың сабақтарына қатысуын ұйымдастыру.
6. Психологиялық қолдау көрсету.
7. Өзара сабақтарға қатысуын ұйымдастыру.

Сонымен қатар, мектепішілік және қалалық жас мамандардың іс- шараларына белсенді түрде қатысуын ұйымдастыру. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығын негізге ала отырып, мектептің арнайы 02.09.2025 жылғы №91 бұйрығы негізінде тәлімгерлер тағайындалды. «Жас маман» мектебінің жұмысы жас мамандар бойынша банк деректері және олармен атқарылатын жұмыс жоспары құрылды. Жас мамандарды нормативтік құжаттармен «Әдістемелік-нұсқаулық хат», «Білім туралы» заң, №472, №160 бұйрық, «Педагог мәртебесі» т.б. құжаттармен таныстырылды.
Оқу жылының басынан әдістемелік кеңестер берілді, тәлімгерлермен бірлескен жұмыс жоспары құрылды. Жас мамандардың іс-әрекетіне бақылау жүргізу үшін, мектепішілік бақылауға қойылды. Бекітілген тәлімгер арнайы жас маманмен жылдық жұмыс жоспарын жасайды, үнемі тәжірибе барысындағы туындаған сұрақтарға жауап беріп, «Жас маман мектебі» сыртында озық педагогикалық технологиялардың әдіс - тәсілдерін тиімді қолдануда бағыт бағдар және жас маманның жылдық жұмысына баға береді.
2024-2025 оқу жылының-1(3 %)жас маман болды. 2025-2026 оқу жылында-2 (7 %) жас маман болды. Жас мамандар мектебінің жетекшісі - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Туякова Нургул Умирбековна

**Жас мамандар туралы мәлімет**

| № | Аты–жөні | Білімі | Оқуорны,бітірген жылы, мамандығы | Пед. өтілі | Тағайындалған тәлімгерлер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Төленді Арайлым Бақытқалиқызы | жоғары | АргПИ | Бір жылға дейінгі | Жұбатқан Т.С |
| 2 | Жұманов Дихан Аманжолұлы | жоғары | АргПИ | Бір жылға дейінгі | Туякова Н.У |

Жас маман мектеп өміріндегі әр түрлі деңгейдегі іс – шараларға, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Жас маман өз білімін жетілдіру негізінде жүргізілген жоспарларын, өзара сабаққа кіру дәптерлерін, әдістемелік тақырыбы жиналған іс-құжаттарын көрмеге ұсынып, жүргізілген жұмыстарына есеп берді.

«Заманауи сабаққа қойылатын әдістемелік талап» тақырыбында қыркүйек айында жас маманға арналған әдістемелік отырыс өткізілді. «Жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсету» тақырыбында - қазан айында дөңгелек үстел өткізілді.

Мұғалімдер күні қарсаңында ұйымдастырылған «Менің көмекшім-ЖИ» жас педагогтердің педагогикалық идеялар панорамасы байқауына қатысып, 3 орын иеленгені үшін марапатталды.

| **№** | **Жас маман** | **Қатысқан іс-шаралары, жетістіктері** |
|---|---|---|
| 1 | Төленді А.Б | Мұғалімдер күні қарсаңында ұйымдастырылған «Менің көмекшім-ЖИ» жас педагогтердің педагогикалық идеялар панорамасы байқауына қатысып, 3 орын иеленгені үшін марапатталды. |

## Жас маман құрамының екі жылдық көрсеткіші

| **Оқу жылы** | **Жас мамандар саны** | | **Жұмысын жалғастырған жас маман** | |
|---|---|---|---|---|
| | **Барлығы** | **%** | **Барлығы** | **%** |
| 2024-2025 | 1 | 3 | 1 | 3 |
| 2025-2026 | 2 | 7 | 2 | 7 |



Жас мамандарға тәлімгерлері, мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, мектеп ұжымы тарапынан әдістемелік қолдау жасалды. Кәсіби деңгейді тәжірибелерін жетілдіру мақсатында іс – шараларға, мектепішілік, қалалық, облыстық деңгейде өткізілген өзекті тақырыптарға байланысты, қажеттіліктерін ескере отырып, семинар, вебинарларға қатысуы қамтамасыз етілуде. Жас мамандар үнемі басты назарда, әдістемелік көмек жұмыстары әлі де жалғасын таба бермек.

## 3. Білім алушылар контингенті

Фурманов жалпы білім беретін мектебі оқушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттеріне негізделген сапалы, қолжетімді білім, қауіпсіз жағдайларда даму мен тәрбие беру үстінде. Көрсетілетін білім қызметтері барлығы үшін қолжетімді. Мектепке қабылдау кезінде конкурсты іріктеу жүргізілуге жол берілмейді.

Оқушы санының өсуі және кемуі білім сапасына әсеретеді.

Білім алушылар контингенті бойынша жалпы мәліметтер Ұлттық білім беру деректер базасына енгізіліп, әр жыл сайын мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер тарапынан өзгерістер мен толықтырулар жасалып, жаңартылады.

| Оқу жылы | 2024-2025 | | 2025-2026 | |
|---|---|---|---|---|
| Сынып | Сынып саны | Оқушы саны | Сынып саны | Оқушы саны |
| 1 | 1 | 15 | 1 | 10 |
| 2 | 1 | 12 | 1 | 13 |
| 3 | 1 | 19 | 1 | 11 |
| 4 | 2 | 22 | 1 | 16 |
| 1-4 | 5 | 68 | 4 | 50 |
| 5 | 1 | 18 | 1 | 21 |
| 6 | 1 | 24 | 1 | 18 |
| 7 | 1 | 14 | 1 | 23 |
| 8 | 2 | 24 | 1 | 14 |
| 9 | 1 | 22 | 1 | 22 |
| 5-9 | 6 | 102 | 5 | 98 |
| 10 | 1 | 14 | 1 | 13 |
| 11 | 1 | 16 | 1 | 14 |
| 10-11 | 2 | 30 | 2 | 27 |
| Барлығы | 13 | 200 | 11 | 175 |

**Екі жылдық оқушылар контингенті бойынша мәлімет** *Кесте№21*

***2024–2025оқу жылы***-200 оқушы, қыздар саны -103, ұлдар саны–97. Бастауыш буын 68,орта буын-102 ,жоғары буын -30оқушы.
Сынып жиынтығы:1–4сынып–**5**; 5–9сынып–**6**; 10–11сынып–**2**.
Сынып жиынтығы–13. І-ауысымда - 107оқушы; ІІ-ауысымда -93оқушы;

***2025-2026 оқу жылы*** - 175 оқушы, оның ішінде қызы - 96, ұлы-79. 1–4сынып–50; 5–9сынып–98оқушы; 10–11сынып–27оқушы. Сынып жиынтығы–11. І-ауысымда-96 оқушы; ІІ-ауысымда -79 оқушы;

**Ата–ана өтініші мен оқу жылы ішінде оқушы қозғалысы** *Кесте№22*

| Оқужылы | Кеткені | Келгені | Бастауыш саны | Орта буын | Жоғары буын | Оқушы саны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2024-2025 | 28 | 4 | 68 | 102 | 30 | 200 |
| 2025-2026 | 34 | 2 | 50 | 98 | 27 | 175 |

**Оқушылардың ауысым бойынша бөлінуі**

| Оқу жылы | 2024-2025 | | 2025-2026 | |
|---|---|---|---|---|
| Сынып | 1- ауысым | 2- ауысым | 1- ауысым | 2- ауысым |
| 1-4 | 37 | 31 | 26 | 24 |
| 5-9 | 40 | 62 | 43 | 55 |
| 10-11 | 30 | - | 27 | - |
| Барлығы | 107 | 93 | 96 | 79 |

**Оқушылардың ұлтық құрамы**

| **Ұлттар** | **2024-2025 оқужылы** | **2025-2026 оқужылы** |
|---|---|---|
| Барлық оқушылар | 200 | 175 |
| Қазақ | 195 | 170 |
| Украин | 1 | 1 |
| Татар | 2 | 2 |
| Молдаван | 1 | 1 |
| Орыс | 1 | 1 |
| | | |

Мемлекеттік тілдегі мектеп болғандықтан, оқушылардың ұлттық құрамының басым көпшілігі, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылында 97 % қазақтар, 3% басқа ұлт өкілі құрап отыр.

Мектеп әр түрлі ұлт өкілдерінің оқушыларына тең дәрежеде мемлекеттік тілде білім алуына мүмкіндік береді

## Оқу-әдістемелік жұмыс және педагогикалық жүктеме.

Тәуелсіз ел тірегі–білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе - білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

***Мектептің миссиясы***: *Шығармашыл жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған білім мен тәрбие беру*

Мектеп мақсаты:

-оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, тиімді және сапалы білім беру, оның тұтастығы мен даму мәселелерін шеше алатын Қазақстан патриоты – полимәдениетті, прагматикалық тұлғаны қалыптастыру.

*Міндеттері:*

- Жағымды көңіл-күй орнату арқылы оқушылардың оқу үлгеремін арттыру;
- оқу-тәрбие процесінің жағдайын диагностикалау арқылы оқу пәндерінің сапалы берілуінің нәтижесінде білімді, рухани дамыған, жан-жақты тұлға тәрбиелеу;
- білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпы мәдениет мінез-құлық дағдыларын арттырып, өзін өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынас орнату;
- жас ұрпақтың өзінің рухани-адамгершілік, интеллектуалдық, өмірі мен өз денсаулықтары мен аман-есендігі үшін әлеуметтік құзыреттілік пен жауапкершілігін көтеруді ұйымдастыруға жағдай жасау;
- оқушылардың білімді меңгеруімен даму деңгейіне, өз беттерінше білім алу әдістемелеріне кезеңдік бақылаужүргізу.

Мектептің өзекті тақырыбы аясында туындаған мәселелер мұғалімге қойылатын талап пен жауапкершілікті күшейтеді. Жаңа формация мұғалімінен тек өз пәнінің білгірі болу ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық, ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Білім беру саласында мұғалімнің кәсіби шеберлігінің қалыптасуына, өзін-өзі дамытып оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмек көрсетуде әдістемелік кеңес жұмысының атқаратын ролі зор.

<u>2025-2026 оқу жылында</u> мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін шыңдау барысында басымдық орынды алатын мектепішілік әдістемелік бірлестіктерінің жұмысы. Әр әдістемелік бірлестіктің тақырыбы мектептің миссиясымен

ұштасады.

*Әдістемелік жұмыс* – бұл барлық педагогтар ұжымының шығармашылық ынтасын арттыруға және дамытуға, әрбір педагогтың кәсіби шеберлігін және біліктілігін жан - жақты көтеруге бағытталған іс-шаралар мен іс - әрекеттер, ол тұтастай ғылыми жетістіктерге негізделген және алдыңғы педагогикалық тәжірибелер мен өзара байланыстағы шаралар жүйесіндегі оқу - тәрбие үрдісінің нақты талдауы.

*Жұмыс нысандары:*

1. Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеру жүйесі, педагогтық шеберлікті, кәсіптік деңгейін жоғарлатуға бағытталған және педагогтарды шығармашылық потенциалын көтеруді көздейді.
2. Мектептің әдістемелік қызметін жетілдіру – ол педагогтардың кәсіптік дамуын қолдауға арналған.
3. Озық тәжірибені оқып үйрену,тарату
4. Педагогтардың жаңашыл қызметтері – мектептің оқыту үрдісінің сапасын көтеруге және мұғалімдердің ғылыми-педагогтық қызметтерін жандандыруға бағытталған.

Әдістемелік кеңес – мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысын және тікелей пән бірлестіктерінің жұмысын басқарушы орган болып табылады.

*Әдістемелік кеңесті құрудағы мақсат:* Мектептегі әдістемелік жұмысты жүйелі ұйымдастыру, жүзеге асыру.

Білім беру саласында шығармашыл жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған білім мен тәрбиені ұйымдастыруына көмек көрсетуде мектепішілік 3 әдістемелік бірлестіктер / *бастауыш сынып бірлестігі /мектепалды даярлық, бастауыш сынып /; жаратылыстану пәндері бірлестігі /химия, биология, география, музыка, көркем еңбек, математика, информатика, физика, дене шынықтыру пәні/;гуманитарлық пәндер бірлестігі /тарих пәні, қазақ тілі мен әдебиеті пәні, орыс тілі мен әдебиеті пәні, ағылшын тілі пәні* / құрылған. Әдістемелік жұмысты басқарудағы міндеттердің орындалуы, іс- шаралардың жүзеге асырылуы әдістемелік жұмыстың жүйесін қалыптастырды. ӘБ мына тақырыптарды басшылыққа алды:

- «Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру және дамыту» гуманитарлық пәндер бірлестігі жетекшісі *Г.Т.Байтурина;*
- «Оқытудың озық әдіс – тәсілдері негізінде сапалы білім беру, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру» жаратылыстану пәндерінің бірлестігі, жетекшісі *Г.Н.Ильясова;*
- «Оқытудың жаңа технологиялар негізінде жаңа формацияның мұғалімін қалыптастыра отырып құзіретті, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту» бастауыш сынып бірлестігі, жетекшісі *Сейтжанова Э.К;*

Мектеп тақырыбы, әдістемелік тақырып, бірлестіктер тақырыбы, бірлестік тақырыбына сәйкес әр пән мұғалімінің де тақырыптары өзгерді. Осы мақсат міндеттерге жетуде жұмыстар жүргізілуде.

Оқу жылының басында мектептің арнайы 01.09.25 жыл №31 бұйрық

бойынша бекітілген әдістемелік кеңес құрамы құрылды. Алғашқы әдістемелік кеңесте атқаратын жұмысы, мақсат, міндеттері таныстырылды. 5 әдістемелік кеңес, 5 бірлестік отырыстары өткізілді. Әр отырыс барысында 3, 4 мәселеден ұжымның алға қойған мақсатына сәйкес, мұғалімдердің қажеттілігіне қарай жаңартылған білім берудің ерекшеліктері, «Цифрлық сауаттылық-заман талабы», «Оқушылардың зияткерлік –шығармашылық әлеуетін дамыту арқылы білім беру сапасын арттыру» тақырыбында, «Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру», педагог кадрларды аттестаттаудан өткізу бойынша нормативтік құжаттармен таныстыру т.б. қазіргі өзекті мәселелерге байланысты тақырыптар қарастырылды. Әдістемелік кеңестерде, бірлестік отырыстарында, жас маман отырыстарында, жекелей болсын әр мұғалімге әдістемелік көмектер,өзіндік ізденіс жұмыстары жүргізілді.

Оқу жылының басында арнайы жылдық жұмыс циклограммасы құрастырылып, әдістемелік кеңесте арнайы таныстырылады, бірлестік жетекшілеріне жеке беріледі, хабарландыру тақтасына арнайы ілінеді, ватсап әлеуметтік желісіндегі арнайы чатқа да жүктеліп отырады. Жоспар бойынша әр бірлестік мүшелері, яғни пән мұғалімдері өз тәжірибелерімен бөлісу, өзара тәжірибе алмасу мақсатында апталық жоспарланған. Жоспарға сәйкес ашық сабақтар, жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында бақылау жұмыстары жүргізілді. Жалпы апталық, семинарды өткізудегі негізгі мақсат: мұғалімдердің шығармашылық, ізденушілік, жауапкершілікті сезіну қабілетін арттыру, өзара тәжірибе алмасу. Жас мамандар үшін де әдістемелік қызметін шыңдауда көмегі зор деп білеміз.

Әдістемелік бірлестіктерінің пән онкүндіктері мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттырудағы, дарынды және талантты оқушыларды анықтауда, танымдық қабілеттерін дамытудағы әдістемелік жұмыстың бір түрі. Пән онкүндіктерінде пән бойынша танымдық жағынан жеке, топтық, жалпылама жұмыс түрлері жүргізілуі мұғалімдер мен оқушыларға шығармашылық қабілеттерін ашуда, өздерін көрсетуге мүмкіндік береді. Әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданып, өткізу түрі түрлендіріледі: ашық сабақтар, зияткерлік, танымдық ойындар, сайыстар, спорттық жарыстар, саяхаттар, көрмелер т.т.

**Мұғалімдердің соңғы 3 жыл бойынша іс-тәжірибе таратуы.**

| | |
|---|---|
| Омиржанова Д.К | «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» II Республикалық (Халықаралық қатысумен) ғылыми практикалық конференциясында тәжірибе таратты Алматы қаласы. Сертификат№-044 |
| | «Үздік білім беру- тұлға мен қоғамның тұрақты дамуының кепілі» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, озық тәжірибесімен бөлісті. Астана2024жыл.СертификатХК№023327 |

| | |
|---|---|
| Сейтжанова Э.К | «Білім беру мазмұнын жаңарту үрдісінде бастауыш сынып пәндерін оқытуда оқушылардың шығармашылығын арттыру жолдары» тақырыбында қалалық семинарда сабақ өткізді. Арқалық қаласы. Сертификат |
| | «Бастауыш сынып оқушыларының қабілетін білім технологиялары арқылы дамыту» тамыз кеңесінде шебер сабақкөрсетті.2022жылтамыз. |
| АйтбайБ.О | «Бастауыш сынып оқушыларын ББЖМ-сіне дайындау» тақырыбында қалалық семинарда сабақ беріп, іс-тәжірибесіменбөлісті.2023жқараша |
| | «Білім беру мазмұнын жаңарту үрдісінде бастауыш сынып пәндерін оқытуда оқушылардың шығармашылығын арттыру жолдары»тақырыбында қалалық семинарда сабақ өткізді. Арқалық қаласы. |
| ЖұбатқанТ.С | «Сандық технологияларды қолдану арқылы оқытудың жаңа әдістерін тиімді пайдалана отырып педагогикалық шеберлерді шыңдау»тақырыбындағы қалалық семинарда сабақ бергені үшін. Арқалық қаласы.Сәуір 2022жыл. Сертификат |
| ИльясоваГ.Н | «9-сынып оқушыларын математика пәнінен ББЖМ-ге дайындау» қалалық семинарда сабақ беріп, іс-тәжірибе алмасты. 2023ж қараша |
| | «Сандық технологияларды қолдану арқылы оқытудың жаңа әдістерін тиімді пайдалана отырып педагогикалық шеберлерді шыңдау» тақырыбындағы қалалық семинарда сабақ бергені үшін. Арқалық қаласы. Сәуір 2022жыл. Сертификат |
| АлимсейтС.К | «9-сынып оқушыларын физика пәнінен ББЖМ-гедайындау» Қалалық семинарда сабақ беріп, іс-тәжірибе алмасты.2023ж қараша |
| | «Сандық технологияларды қолдану арқылы оқытудың жаңа әдістерін тиімді пайдалана отырып педагогикалық шеберлерді шыңдау» тақырыбындағы қалалық семинарда сабақ бергені үшін.Арқалық қаласы.Сәуір2022жыл.Сертификат |
| Абильдина Г.Т | «Оқу сауаттылық пәнінен ББЖМ-ге дайындық кезінде оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруда ең тиімді әдіс тәсілдер» тақырыбында қалалық семинарда сабақ беріп, іс-тәжірибесімен бөлісті. 2023ж қараша. |

| | |
|---|---|
| Байтурина Г.Т | «Оқу сауаттылық пәнінен ББЖМ-ге дайындық кезінде оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруда ең тиімді әдіс тәсілдер» тақырыбында қалалық семинарда сабақ беріп, іс-Тәжірибесімен бөлісті.2023жқараша. |
| Сулейменова Ж.С | «Оқу сауаттылық пәнінен ББЖМ-ге дайындық кезінде оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруда ең тиімді әдіс тәсілдер» тақырыбында қалалық семинарда сабақ беріп,іс-Тәжірибесімен бөлісті.2023ж қараша. |
| Туякова Н.У | «География, биология, химия пәндері бойынша ББЖМ-ге дайындауды ұйымдастырудың жүйелі әдістері мен тәсілдері» тақырыбында қалалық семинарда сабақ беріп, іс-тәжірибесімен бөлісті. 2023ж қараша |
| Мусиева Э.Ж | «География, биология, химия пәндері бойынша ББЖМ-ге Дайындауды ұйымдастырудың жүйелі әдістері мен тәсілдері» тақырыбында қалалық семинарда сабақ беріп, іс- Тәжірибесі мен бөлісті.2023ж қараша |
| Абильдина А.Ж | «Үздік білім беру- тұлға мен қоғамның тұрақты дамуының кепілі» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, озық тәжірибесімен бөлісті. Астана2024жыл.Сертификат |
| Нұрмұханова Ә.Қ | «Тіл тірегі» қалалық іс-тәжірибелік конференциясына қатысып, өз іс-тәжірибесімен бөліскені үшін Алғыс хат алды. 2023ж |

## Мұғалімдердің лицензияланған жұмыстары

| | | |
|---|---|---|
| АйтбайБ.О | «Математикалық сауаттылық бастамасы» авторлық бағдарлама | ISBN056-258-0988-05-44<br>ӘОЖ501.15<br>ББК38<br>А011,2021ж |
| Омиржанова Д.К | «Бастауыш сыныптағы геометрия әлемі» авторлық бағдарлама | 2025 жыл |

**Педагогтар білімін дамыту одан әрі жетілдіру үшін баспасөз беттерінде сабақ жоспарларын, мақалаларын, үнемі жариялап отырады.**

| № | Мұғалім аты - | Басылым/№,жылы | Тақырыбы |
|---|---|---|---|
| 1 | ОмиржановаД.К | **«Kemengerustaz.KZ»** республикалық ғылыми-әдістемелік журнал №12 желтоқсан2022ж.Сертификат №002033 | «Жаңашыл ұстаз болу– заман талабы» |
| 2 | АбильдинаА.Ж | **«QAZAQBilimi»** республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 2023 жыл№4 (67) | «Қалалық жас мамандар семинарына арнайы дайындалған тренинг жаттығулар» |
| 3 | ТуяковаН.У | **«Жарқын»** республикалық ғылыми ақпараттық, танымдық- тәрбиелік журналы 2024 жыл Сертификат №3140 | Өсімдіктерде микроэлементтердің тапшылығы (азот,калий,фосфор,). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты,калийліжәне фосфорлы) |
| | | **«OZAT.KZ»** Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы 2024 жыл. Сертификат №В-540 | Өсімдіктерде микроэлементтердің тапшылығы (азот,калий,фосфор,). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты,калийліжәне фосфорлы) |
| | | | |
| | | Халықаралық **«ӨРЛЕУ-ӨРКЕНДЕУ»**ғылыми ақпараттық, танымдық-Тәрбиелік журналы 2024жыл. Сертификат№645 | Өсімдіктерде микроэлементтердің тапшылығы (азот,калий,фосфор,). Тыңайтқыштар: Органикалық және минералдық (азотты,калийлі және фосфорлы) |
| 4 | СулейменоваЖ.С | CURRENT HIGHER EDUCATIONENVIRONMENT: ViesandPerspective | Strategies for developing reading proficiency |
| | | «Uiagattyustaz»№5 | Strategies for developing reading proficiency |

**Мұғалімдердің сабақ жүктемесі.**

Мектепің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі –барлық міндетті деңгей көлемінде оқушыларға сапалы білім беру. Оқу жүктемесінің максималды көлемі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен санитарлық нормаға сәйкес. Мектептің оқу жоспары базалық, мектеп және оқушы компоненттерінен құрылған.

2025-2026 оқу жылында 1-11 сыныптардағы білім беру процесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. (31.05.2024 жылғы №132 толықтыруларымен және өзгерістермен), (бұдан әрі - Стандарт), «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 5 наурыздағы № 54 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (ҚР ӘМ 2021 жылғы 5 тамызда №23890 болып тіркелген);

«2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқаулық хаты (басылымға Әдістемелік – ғылыми Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік кеңесі 2025 жылғы 5 маусымдағы №2 хаттама) негізінде жүзеге асырылады.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Фурманов жалпы білім беретін мектебі» КММ педагогикалық кеңестің 2025 жылғы 29 тамыздағы №1 хаттамасымен мынадай Үлгілік оқу жоспарлары айқындалды:

**1-4 сыныптар**

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымша қазақ тілінде оқытатын сыныптарға арналған Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары 1-қосымша жаңа редакцияда- ҚР Оқу ағарту министрінің 27.06.2024 № 161бұйрығымен.

**5-9 сыныптар**

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6-қосымша қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары 6-қосымша жаңа редакцияда-ҚР Оқу ағарту министрінің 26.10.2023 № 323 бұйрығымен.

**10-11 сыныптар**

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымша. Қазақ тілінде оқытатын жаратылыстану-математикалық бағыттағы жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары 86-қосымша жаңа редакцияда-ҚР Оқу ағарту министрінің 26.10.2023 № 323 бұйрығымен.

Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда-33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда-34 оқу апта.

Стандарттың 9-тармағына сәйкес Үш тілде білім беру қазақ, орыс және шет тілдерін деңгейлік меңгеруді қамтамасыз ету жолымен іске асырылады. «Шетел тілі» пәнін іске асыру шеңберінде 3-11 сыныптар аралығында ағылшын тілі оқытылады.

Оқу жұмыс жоспарының құрылымы инвариантты және вариативті компоненттерді, тиісті білім деңгейінің оқу жүктемесінің максималды көлемін қамтиды.

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚРБҒМ18.03.2008ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістері;
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (ҚР ӘМ 2021 жылғы 6 тамызда №23890 болып тіркелген);

Бастауыш білім берудің жұмыс оқу жоспарының инвариантты компоненті алты білім саласын қамтиды: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» және қазақ тілінде оқытатын сыныптарды 1-сынып - 18,5 сағат, 2-сынып -22 сағат, 3-сынып -25 сағат, 4-сынып -25 сағат.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін 1-қосымша жаңа редакцияда- ҚР Оқу ағарту министрінің 27.06.2024 №161 бұйрығымен2-сыныптың оқу жүктемесінің вариативті компонентіне 2 сағат мөлшерінде дамыту сипаттағы жеке және топтық сағаттар енгізілді. Ең жоғары оқу жүктемесі: 1-сынып -19,5 сағат, 2-сынып -24 сағат, 3-сынып -26 сағат, 4-сынып -26 сағат.

2025-2026 оқу жылында 1-сыныптағы «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 2026 жылдың 1-қаңтарынан бастап оқытылады. 1-4 сыныптарда «Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерімен ұсынылған. 1,2,3,4-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері оқытылады.

Бастауыш білім берудің стандартының 2-тарауының 25-тармағына сәйкес

1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу курсын міндетті түрде зерделеу қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» оқу пәні аясында жүзеге асырылады: 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат.

Бастауыш білім берудің стандартының 26-тармағына сәйкес «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда-сынып жетекшілері әр

сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс уақытта сынып жетекшісінің жылдық жұмыс жоспарында тақырыбы мен күнін көрсете отырып жүзеге асырады.

Негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспарының инвариантты компоненті алты білім беру саласын қамтиды: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» және қазақ тілінде оқытатын сыныптарды 5-сынып-28 сағат, 6-сынып -28 сағат, 7-сынып -31 сағат, 8-сынып -32 сағат, 9-сынып -33 сағат, ең жоғары оқу жүктемесі 5-сынып-28,5 сағат, 6-сынып -28,5 сағат, 7-сынып -31,5 сағат, 8-сынып -32,5 сағат, 9-сынып -34 сағат.

Вариативті компоненттің 5-9 сыныптардағы сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға бағытталған. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

5-сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;

6-сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;

7-сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;

8-сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;

9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

5-9 сыныптардың *«Жаһандық құзыреттілік» курсы* білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдылары, этикалық нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

«Жаһандық құзыреттілік» курсының бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып 6 бөлімнен тұрады.

5-9 сыныптарды курс бес юнитті қамтиды. «Парасаттылық және этика», «азаматтылық және патриотизм», «медиасауаттылық және қаржылық», «экологиялық мәдениет», юниті қосымша енгізілді.

Күтілетін нәтиже:

1) Оқушылар қазіргі заманның жаһандық сын-қатерлерімен танысады;
2) білім алушыларды жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғаларды, олардың себептері мен салдарларын талдамалық бағалау түсінігін дамыту;
3) мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру.

Негізгі орта білім беру стандарты 38-тармағына сәйкес «Жолда қозғалыс ережелері» оқу курсы 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Негізгі орта білім беру стандарты 56-тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес Фурманов жалпы білім беретін мектебінің сыныптарының толықтығы (2-қосымша жаңа редакцияда-ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.03.2022 № ҚР ДСМ-31 бұйрығымен) 25 адамнан аспайды (сыныптардың параллельдері бар). Сыныпты екі топқа бөлу жүзеге асырылады. Сынып саны-5, сынып комплекті-5. Негізгі орта білім беру бойынша қазақ тілінде оқытылады.

(ҚР МЖМС 3 тарау, 43 тармағы)сәйкес сыныпты екі топқа бөлу жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптарда ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда және инклюзивті білім беру шеңберінде ( сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады):

1) шетелтілі
2) информатика пәндері бойынша жүзеге асырылады.

*5 «А»,7 «А», 9 «А» сыныптарда екі топқа бөлінетін пәндер шетел тілі (ағылшын тілі) және информатика пәндері бойынша жүзеге асырылады.*

5-9 сыныптарда көркем еңбек пәні сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздарға сыныпта екі топқа бөлінді. (ҚР МЖМС 3 тарау, 43 тармағы)

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспарының инвариантты компонентіне он алты оқу пәні кіреді: «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі», «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» және қазақ тілінде оқытатын сыныптарды 10-сынып-32 сағат, 11-сынып -32 сағат, ең жоғары оқу жүктемесі 10-сынып-35 сағат, 10-сынып -35 сағат.

ҚР Білім және ғылым министрілігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшасына сәйкес қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін 86-қосымша жаңа редакцияда-ҚР Оқу ағарту министрінің 26.10.2023 № 323 бұйрығымен вариативтік компонентті енгізуге сағат қарастырған.

10-11 сыныптағы «Жаһандық құзыреттілік» курсы білім алушылардың сыни ойлауын, зерттеу, коммуникация дағдыларын, жаһандық маңызы бар проблемаларын шешу және талдау дағдыларын қалыптастыруға, дамытуға ықпал етеді.

Мектептің материалдық - техникалық базасы бейінді оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мектепте интернет желісі іске қосылған. Кітапхана жұмыс жасайды. Қажетті оқу материалдары, әдістемелік құралдар кітапхана қорынан табылады. Оқу бағдарламасының мазмұн көлемі типтік оқу жоспарының оқу жүктемесінің инварианттық бөлімінің жобасында, сонымен қатар базистік оқу жоспарының нормативті бөлігінің мектеп компонентінің оқу жүктемесін пайдалану арқылы іске асырылған.

Мемлекеттік білім стандартының базалық компоненті оқушының бейінімен қызығушылығына сәйкес оқушы білімі дамыту мақсатына бағытталған.

**Мемлекеттік стандарттың орындалуы**

Фурманов жалпы орта білім беретін мектебі мемлекеттік стандарт бойынша 2025-2026 оқу жылының оқу жоспарының сәйкесті оқу пәндерінің бағдарламаларының орындалу кестесі жасалды.

Апталық сабақ кестесі жарты жылдыққа құрылып, мектеп директоры бекітеді. Сабақ кестесі оқу жоспарындағы барлық пәндер сыныптар бойынша енгізілген. Әр оқу жылдын басында тұрақты сабақ кестесі жасалады. Сабақ кестесін жасауда Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрлігінің 2014 жыл 29 желтоқсандағы №179 бұйрығының 12- қосымшасына сәйкес санитарлық ережелер сақталды. Оқу жоспарындағы барлық сағаттар толық қамтылды.

**Мектепішілік құжаттардың жүргізілуі**

Мектептің мектепішілік құжаттарын мектеп әкімшілігі жыл сайын тексеріп, жыл бойы болған өзгерістер уақытында іс-қағаздарға енгізіліп отырады. Іс-қағаздар ұқыпты жүргізіледі. Талапқа сай барлық құжаттар тігілген. Сынып журналдарында оқушылардың сабаққа қатысқаны уақытында белгіленіп отырылады. Өзіндік, бақылау жұмыстарының бағалары уақытында қойылады. «Оқушылар туралы жалпы мәліметтер» бөліміндегі деректер, алфавиттік кітаптағы және жеке–іс парағындағы деректер мен сәйкес. Сынып журналдары дер кезінде тексеріледі және ескертулер жазылады.

1-11 сыныптардың жеке іс-құжаттары: оқушылардың туған жылдары,мекен - жайлары, алфавиттік кітаптағы, сынып журналындағы деректермен сәйкес.

Қатаң есеп бланкілерін беру және есебін жүргізу кітаптары жылма-жыл тігілген, нөмірленген және мөрленген. Уақытында құжаттардың кіріс-шығысы тіркеледі. Кітаптардың барлық бағандары талапқа сай толтырылған. Комиссияның қолы қойылған.

Оқушылардың қозғалысы туралы бұйрық кітабы нөмірленген, тігілген, мөрленген. Оқушылардың келу және кету бұйрықтары жазылған.Оқу жылының аяқталуы, 9,11 сыныптардың қорытынды аттестацияға жіберілуі, негізгі, орта мектеп бітіргені туралы құжатты беру туралы бұйрықтар жазылған.

**Оқу-тәрбие жұмысы.**

2025-2026 оқу жылында тәрбие жұмысы **«Адал азамат»** біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді.
Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар- ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.

**МАҚСАТ** - рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру.

**МІНДЕТТЕР:**

**<u>Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:</u>**

Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдықты, әділдікті, мейірімділікті, қамқорлықты, мейірімділікті және басқа да адамгершілік қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру;

**<u>Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:</u>**

өз еліне және оның жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

өз құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайындығын дамыту;

белсенді қатысу әлеуметтік маңызы бар салалардаой іс-әрекетжәне.

**<u>Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:</u>**

мінез-құлықта және басқалармен қарым-қатынаста адалдық пен әділдікке тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті дамыту;

еңбекқорлықты және өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты қалыптастыру;

өзгенің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

**<u>Білім алушы тұлғасының үйлесімді дамуына жағдай жасау:</u>**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;

білім беру ортасында қолайлы психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау; отбасын тәрбие процесіне тарту.

**<u>Күнделікті іс-шаралар</u>:**

**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, т.б.

**«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың 15 минут ішінде өзекті моральдық тақырыптардың бірі бойынша баласымен күнделікті жеке әңгімелесу өткізуі.

**«Үнемді тұтыну»** – жадынамалар, нұсқаулықтар және т.б. арқылы суды, азық-түлікті, энергияны және табиғи ресурстарды тұтыну бойынша күнделікті іс-әрекеттер арқылы табиғи ресурстарға (су, энергия) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

**«Күй күмбірі»** –күйлерді қоңыраулардың орнына пайдалану, сондай-ақ үлкен қаңырауларда күй қосып қою.

## Апталық іс-шаралар:

**«Менің Қазақстаным»:** оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

**«Аптаның дәйексөздері»** –мақал-мәтелдер, халық даналығы, тәрбиелік мәні бар көрнекті тұлғалардың нақыл сөздері *оқудан тыс бүкіл ұйымның қызметі*. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде Led-экрандарда, тақталарда орналастырылады.

**«Қауіпсіздік сабағы»** – білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз жүріс-тұрысын сақтауы, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін, тіршілік қауіпсіздігі негіздерін сақтау мақсатында сынып сағаты аясында *10 минут қауіпсіздік сабағы* өтікізілсін.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу аясында білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүзеге асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі профилактикалық іс-шаралар біріктіріледі:

- ✓ Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- ✓ Буллингтен қорған!
- ✓ Ойынға салауатты көзқарас;
- ✓ Өмірге салауатты қадам;
- ✓ Қоғамдық мүлікті қорға!
- ✓ Қауіпсіз қоғам.

**КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:**

1. Ата-анасын, үлкенді сыйлай білуді біледі, отбасы алдындағы жауапкершілігін қабылдайды және түсінеді, «шаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының мағынасын бағалайды, отбасы амандығын бағалайды.

2.Отбасында, мектепте өз ісіне жауапкершілікпен қарайды, сөзіне, ісіне берік, кішіге демеу болады, үлкенге ізет көрсетеді, ар-намысты қорғап, қастерлейді, адал еңбекті жоғары бағалайды.

3.Отансүйгіштік танытады, белсенді азаматтық ұстанымы, тектілігі бар, халқына адал қызмет етуді, мемлекеттің тәуелсіздігін, ел мен жердің тұтастығын қорғауды парызы деп санайды, салт-дәстүрді біледі және сақтайды.

4. Ой мен тән тазалығын, салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін, жанның үйлесімділігін қолдайды.

5. Өзінің үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орындар мен қоршаған ортаны таза ұстауға ұмтылады, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарайды, туған жердің қайталанбас ерекшеліктерін танып, ұлттық мәдениетті құрметтейді.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу ісі:

- оқу пәндерінің мазмұны;
- сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар;
- сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылады.

1. Оқу пәндері шеңберінде:

− сабақ тақырыбының тәрбиелік мәнін ескеру және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

− бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлау мен өткізуде ортақ тақырыптардың әлеуетін ескеру;
− орта және жоғары сыныптарда пән апталықтарын жоспарлау мен өткізуде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға назар аудару қажет.

Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Мысалы, Қазақстан тарихын оқытуда еліміздің ұлттық мұрасы мен мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу немесе әдебиетті оқыту барысында шығармаларды талдау арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға басымдық беру, географияны оқыту барысында табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдану еліміздің тұрақты дамуы үшін маңызды екендігін дәріптеу ұсынылады.

Педагогтер сабақ мақсатының пәндік мазмұнын ғана емес, сол оқу мақсаты Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету. 33 шеңберіндегі қазақстандық және/немесе тәрбиелік компоненттерді ескеруі маңызды.

2. Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде:
− әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарытуға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады;
− құндылықтар тәрбие жұмысының нәтижесі ретінде білім алушылардың мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттері арқылы көрініс табуы үшін сынып сағаттарын сындарлы тәсілдеме негізінде ұйымдастырып, интербелсенді формада өткізу ұсынылады;
− сынып сағаттарын мектептің педагог-психологімен бірлесіп өткізу ұсынылады (педагог-психологпен бірлескен сынып сағатының санын, өткізу жиілігін білім беру ұйымдары дербес анықтайды).

Білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда келесі тақырыптар бойынша сынып сағаттарын өткізу ұсынылады:

«Ар-ұят және жауапкершілік»
«Біздің қоғамдағы әділеттілік»
«Іс-әрекеттегі мейірімділік»
«Мейірімділік құндылығы»
«Күнделікті өмірдегі адалдық»
«Этикалық құндылықтарды дамыту»

«Отаншылдық және оның мәні»
«Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік»
«Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»
«Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»
«Қоғам игілігіне қызмет ету»
«Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»
«Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»
«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»
«Құқықтық мәдениет және оның маңызы»
«Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» және басқалар.

Сынып жетекшілері ұсынылған сынып сағаттарының тақырыбын таңдауда және сынып сағаттарының мазмұнын әзірлеуде білім алушылардың жас ерекшелігін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін және өңірдің сұранысын ескеруі қажет.

3. Сыныптан тыс іс-әрекеттер шеңберінде:

− бірлескен жобаларды немесе әлеуметтік тәжірибелерді («Қайырымдылық», «Қарияға қол ұшын соз» және т.б. акциялар) іске асыру;

− қосымша білім алуға жағдай жасау;

− тәрбие жұмысын күшейтуге мүдделі мемлекеттік органдарды тарту (кездесулер, бірлескен іс-шаралар, акциялар, жарыстар, жобалар конкурстары, кәсіптік бағдарлау кездесулері, профилактикалық әңгімелер және т. б.)

− танымал, атақты тұлғаларға, оның ішінде мектепке аты берілген тұлғалар туралы тереңірек білуіне бағытталған іс-шараларды өткізу;

− білім беру ұйымы орналасқан өлкенің танымал тұлғаларымен, еңбек ардагерлерімен және мектепті бітіріп, табысты еңбек етіп жүрген түлектермен кездесу ұйымдастыру ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастыруда білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және олардың жас, жеке, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып іс-шаралардың мазмұнын білім беру ұймының басшыларымен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, педагог-психолог мамандармен алдын ала келісу ұсынылады.

Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ету үшін сыныптан тыс жұмыстар аясында бірлескен жобаларды ұйымдастыра алады. Жобалар ғылыми зерттеулерді, мәдени және тарихи ескерткіштерді зерделеуді көздеуі мүмкін немесе әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталуы мүмкін. Мұндай жобалардың мақсаты – білім алушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдануға үйрету, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамыту, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Бірлескен жобалар білім алушылардың сыни ойлауын, эмпатияны және қоғамдағы өзара әрекеттесу үшін маңызды әлеуметтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобалардың көптеген түрлері бар. Мысалы, «Таза аула», «Жасыл

мектеп», «Эковолонтерлер», «Экологиялық мониторинг», «Экологиялық туризм», «Үнемді тұтыну», «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла», «Мектептегі энергияны үнемдеу», «Судың да сұрауы бар», т.б.

Білім алушылардың құқықтық мәдениетін дамытуға бағытталған жобалар практикалық жұмыстардан бастап ғылыми-зерттеу жобаларына дейінгі іс-шаралардың кең ауқымын қамтуы мүмкін. Олар: «Менің елім және менің құқығым», «Құқық-квест», «Заңға қосқан үлесім», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Заң мамандықтары». Бұл жобалардың барлығы білім алушыларға өздерінің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ еліміздің құқықтық жүйесінің 35 жұмысын түсінуге ықпал етеді.

Еңбекқорлыққа тәрбиелеу үшін келесі жобалар ұсынылады: «Қолөнер шеберханасы», «Еңбегі адал жас өрен», «Өзің жасап көр», «Аспаздық жоба» және т.б.

Ар-ұят, намыс, адалдық, жауапкершілік сияқты құндылықтарды жетілдіру үшін мынадай тақырыптағы жобалар ұсынылады: «Бейбіт күннің каһармандары», «Өнер мен құндылықтар», «Тарихқа құрмет», «Менің отбасымның өмірлік жолы», «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» және т.б.

Салауатты өмір салтының маңыздылығын түсінуі және денсаулықты нығайтатын әдеттерге дағдылануы үшін келесі жобалар тақырыптары ұсынылады: «Күнделікті пайдалы тағам», «Зиянды әдеттен аулақ бол», «Спорт және мен», «Қауіпсіздік және алғашқы көмек», «Психологиялық әл-ауқат және күйзеліске төзімділік», «Ұйқы және оның денсаулыққа әсері», «Экранға тәуелділік: жаман әдет», «Цифрлық гигиена» және т.б.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы бойынша көрсеткіші

| Оқу жылдары | Сынып жетекші саны | Жоғары | Арнаулы орта |
|---|---|---|---|
| 2024-2025 | 13 | 12 | 1 |
| 2025-2026 | 11 | 10 | 1 |

2025-2026 оқу жылында сынып жетекшілердің сандық, сапалық құрамы төмендегідей.

| Еңбекөтілі | 1-4 жыл | 5-9 жыл | 10-14 жыл | 15-19 жыл | 20-30 жыл | 30дан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Екіншісанат | | | | | | |
| Біріншісанат | | | | | | |
| Жоғарысанат | | | | | | |
| Педагог модератор | | | 2 | 3 | 1 | 1 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Педагогсарапшы | | | 1 | | 1 | 1 |
| Педагог зерттеуші | | | 1 | | | |
| Санатсыз | | | | | | |

Сынып жетекшілерінің курстан өту мәліметі Соңғы үш жылда сынып жетекшілер түрлі курстардан өтті. Сынып жетекшінің құзыреттілігін арттыру, баламен жұмыс жасау жолдары, тәрбиенің сегіз бағытын жүзеге асыру мақсаты бойынша курстан өткен сынып жетекшілердің сандық, сапалық құрамы төмендегідей:

2025-2026 оқу жылында сынып жетекшілердің курстан өтуі тағы да жалғасын табады.

| № | Сынып жетекшінің аты-жөні | Курс тақырыбы | Курс уақыты | Сағат саны | Қайдан өтті |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | СейтжановаЭ.К | Біліктілік арттыру курсын"Баста уыш мектептегі сабақ:басымдықтаржәне жетілдіру стратегиялары" | 3.07-14.07.2023ж. | 120 ак. сағ. | ДББҰ педагогикалықшеберлік орталығы |
| 2 | НұрмұхановаӘ.Қ | «Буллинг-себептері, формалары,алдыналу» | 27.01.2023ж. | 80ак .сағ. | ЖШС «Өрлеу-РК» оқу орталығы |
| 3 | Естайлакова А. А | «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушыларды оқыту және психологиялық – педагогикалық қолдау» | 3.03.2024ж. | 72 ак. сағ. | «Дамыту қоғамдық қоры» |
| 4 | Ильясова Г. Н<br>Нұрмұханова Ә.Қ<br>Сүлейменова Ж. С | «Ерте жүктіліктің алдын алу» | 16.09.2024ж. | | ЖШС «Өркендеу» оқу әдістемелік орталығы |

2025-2026 оқу жылының «Адал азамат» біртұтас тәрбие аясында, ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, жас ұрпақ бойына азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында атқарылған жұмыстар

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыруда кешенді жоспарға сәйкес орындалуы.

Тәрбиеленушілерге сапалы білім саналы тәрбие беру үрдісіне барлық ұжым мүшелері қатысады. Ата-аналар және әлеуметтік қызметкерлермен тығыз байланыста болып, төмендегі тәрбие құндылықтары жүзеге асырады.

**Құндылықтар:**

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсібибіліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

Тәрбие жұмысының мазмұны адамдық қасиеттерді (сенім, шындық, еркіндік, қайырымдылық, қамқорлық, махаббат т.б.) және ұлттық қасиеттерді (тәуелсіздік, патриотизм, ана тіл, заңға бағынушылық, ұлттық мәдениет, салт дәстүр т.б.) тәрбиеленушілердің бойына сіңіруде көрінеді.

**Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты:**

-оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру,
-өзін-өзі анықтауға және тәрбиелеуге,
-шығармашылық қабілетін ашуға,
-гуманитарлық және рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Тәрбие жұмысы тәрбиеленушілердің бойында Қазақстандық патриотизм, азаматтық және жалпы мәдениет, салауатты өмір салтын, шығармашылық қабілетін дамыту, өзінің икемділігін анықтауға бағытталған. Жас ұрпақты тәрбиелеуде оң нәтижеге жету үшін төмендегі міндеттерді жүзеге асыру керек:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрмет сезімін қалыптастыру;
- Жас өспірімдердің бойында азаматтық – патриоттық сезімін, рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру;
- Оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Оқушылардың бойында ағзаға зиянды заттардан аулақ болу мінезін қалыптастыру;
- Оқушылар арасында діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарын жүйелі жүргізу;
- Балалар ұйымы «Жас ұлан», «Жас қыран» және «Адал ұрпақ» клубының жұмысы арқылы балалардың шығармашылық қасиеттерін дамыту және қолдау;
- Сынып жетекшілермен әдістемелік жұмыс ұйымдастыру;
- Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру;
- Жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру;
- Сынып ұжымын қалыптастыру, тәрбие жұмысын сынып ұжымында жүзеге асыру:

Барлық бағыттар бойынша тәрбие жұмысында сынып сағаттары, әңгіме, кездесу, үйірме және секция жұмыстары т.б. негізінде жүзеге асырылады.

«Біртұтас тәрбие аясында», ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, жас ұрпақ бойына азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыра

отырып, Фурманов жалпы білім беретін мектебінде 2025-2026 оқу жылының қыркүйек және қазан айында атқарылған шаралар

***Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіпқойлық айы***

1 қыркүйек – «Білім күні»
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні
Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

01.09.2025Фурманов жалпы білім беретін мектебінде"1 қыркүйек - Білім күніне" арналған . «Мектебім – мейірім мекені**!**» атты салтанатты жиыны өтті.Жиынға 1-11 сыныптар мен ата-аналар қатысты. Дәстүрге сай алғашқы қоңырау соғылып, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер сыныптарына аттанды.

2 қыркүйек күні " Менің Отаным - Қазақстан" тақырыбында 2-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті.
Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын, туған жерін қорғай білуге, ұлтжандылыққа , ата мекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу.
Тілдер мерекесі аясында "Жас Ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен 15 минуттық үзілісте оқушылар үшін ерекше іс-шара – "Көңілді үзіліс" атты ойын өткізілді. 1-11 сыныптар қамтылды.
Қыркүйек айының екінші аптасында яғни 12 қыркүйек күні дәстүрге сай «Денсаулық күні» аталып өтті.
Шараға барлық сыныптар мен мектеп ұжымы атсалысты . Сонымен қатар 1-11 сыныптар арасында жәрмеңке ұйымдастырылды.
10 қыркүйек күні 1-11 сыныптарының ата-аналарының жиналысы болып өтті.Жиналыстың күнтәртібінде:Қауіпсіздік ережесімен танысу;
Бірыңғай мектеп формасы;
Құқық бұзушылықтың алдын алу;
"Менің сыныбым буллингке қарсы" атты челленджі. Қамтылғаны 5-11 сынып оқушылары
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірлігінің Республикалық «Мен және менің мұғалімім» атты экологиялық челленджі өтті. Осы челленджге Фурманов жалпы білім беретін мектебі қатысты.
Мектебімізде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Психологиялық қолдау және тәрбие жұмысының өңірлік оқу-әдістемелік орталығы" КММ ұйымдастыруымен 22-26 қыркүйек аралығында "Егер қиын болса, қоңырау шал!" акциясы өткізілді. Акцияның мақсаты: оқушылар, ата-аналар және ұстаздар қауымын орталықтың жұмысымен және дер кезінде психологиялық көмек көрсететін сенім телефондарымен таныстыру.
24 қыркүйек күні әскери дайындық (ӘАД) пәні бойынша "Төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік және дайындық шаралары" тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты — оқушыларды төтенше жағдайлар кезінде дұрыс

әрекет етуге, қауіпсіздік ережелерін сақтауға және азаматтық қорғаныс саласында базалық білім алуға үйрету болды.
Сабақ барысында оқушылар:
Төтенше жағдайлардың түрлері мен себептерімен танысты;
Қауіп туындаған сәтте қалай әрекет ету керектігін үйренді;
Эвакуация ережелері мен алғашқы көмек көрсету дағдыларын пысықтады;
Жеке қорғаныс құралдарының маңызы туралы мағлұмат алды.
Сонымен қатар, өмірлік маңызды жағдайларда сабыр сақтау, дұрыс шешім қабылдау және көмек көрсету жолдары кеңінен түсіндірілді.
Азаматтық қорғаныс — әр азаматтың ортақ міндеті. Осындай сабақтар арқылы оқушылар тек білім алып қана қоймай, болашақта төтенше жағдайлар кезінде өз өмірін және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын бола түседі.

29.09.2025ж күні "Балалардағы дәрі-дәрмектермен уланудың алдын алу: ата-аналар нені білуі керек?" тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты: ата-аналарға дәрі-дәрмектерді дұрыс сақтауға, уланудың алдын ала отырып, балалардың психоэмоционалды жағдайына үнемі бақылау жасауға кеңес беру. Жиналыс барысында ата-аналарға толық ақпарат беріліп, әңгімелесу, кеңесу өткізілді. Арнайы ұсынымдар мен кеңестер берілді. Буллинг, кибербуллинг мәселелері де қаралып, талқыланды.

***Қазан – Тәуелсіздік және патриотизм айы***

1 қазан – Халықаралық қарттар күні
5 қазан – Мұғалімдер күні
24 қазан – Кітапханашылар күні
25 қазан – Республика күні

Қарттар күні мерекесі аясында мектебіміздің аға тәлімгері 9-сыныптың ұл балаларымен бірге ауылымыздағы Мәжит есімді қарияның үйіне барып, ауласын тазалап, көмек көрсетті. Бұл игі іс – оқушылардың үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуіне бағытталған тәлімдік шараның бір бөлігі болды.
Қария өз ризашылығын білдіріп, оқушыларға алғысын жеткізіп, батасын берді. Осындай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға септігін тигізері сөзсіз.

Ұстаздар мерекесіне орай мектебімізде ерекше шара ұйымдастырылды. 11-сынып оқушылары мен «Мектеп парламенті» балалар мен жасөспірімдер ұйымы бірігіп, Өзін-өзі басқару күнін жоғары деңгейде жүзеге асырды. Бұл күні мектептегі барлық басқару жұмыстары мен сабақ беру үдерісі оқушылардың қолына тапсырылды.
11-сынып оқушылары мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің қызметін атқарып, бір күн бойы ұстаздар рөлінде өздерін сынап көрді. Олар басқа сыныптарға сабақ өтіп, пән мұғалімдерінің орнына кіріп, сабақ берді. Сонымен қатар, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, директор және сынып жетекшілері сияқты жауапты міндеттерді атқарды.

Мұндай шара оқушыларға жауапкершілік пен көшбасшылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, ұстаз еңбегінің қаншалықты маңызды әрі күрделі екенін терең түсінуге сеп болды. Ал ұстаздар қауымы өз

шәкірттерінің ұйымшылдығы мен белсенділігіне риза болды.
Өзін-өзі басқару күні – тек мерекелік іс-шара ғана емес, сонымен қатар оқушылар үшін үлкен тәжірибе мектебі. Мұндай игі бастамалар мектеп өмірін жандандырып, оқушы мен мұғалім арасындағы өзара түсіністікті нығайтады.

17 қазан күні, мектебімізде Мектеп президентін сайлау жоғары деңгейде өтті! Сайлау үдерісі таңғы 9:00-ден кешкі 18:00-ге дейін жалғасып, барлық оқушылар белсенді түрде өз дауыстарын берді.
Атмосфера нағыз демократиялық рухта өтті.
Нәтижесінде ең көп дауыс жинаған 10 сынып оқушысы Айбек Аяулым мектебіміздің жаңа Мектеп президенті болып сайланды!

«Адамды бақытты ететін – еңбек пе, байлық па?» атты тақырыпта , дебат үйірмесінің өткізуімен қызықты пікірсайыс өтті!
Оқушылар адам өміріндегі ең маңызды құндылық – еңбек пе, әлде байлық па деген сұраққа өз көзқарастарын білдіріп, ойларын ашық жеткізді.
Пікірталас келесі қарарлар бойынша өтті:
1«Нағыз бақыттың кілті – адал еңбекте»
2«Байлықсыз бақыт жоқ»
3«Еңбек – байлықтан да артық құндылық»
Дебат барысында қатысушылар өз ойын нақты дәлелдермен қорғап, қарсы топтың уәждеріне жауап берді.
Мұндай шаралар оқушылардың сыни ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін және өз пікірін еркін жеткізе білуін дамытады.

Арқалық қаласы әкімдігінің тапсырысы негізінде "Саналы қоғам" қоғамдық қоры ұйымдастырған мектеп оқушылары және студенттер арасында өткен "Жемқорлыққа жол жоқ!" тақырыбында бейнеролик конкурсында жүлделі ІІІ орынға ие болып, арнайы мадақтамамен және сыйлықпен марапатталды

"Адал ұрпақ" үйірмесінің ұйымдастыруымен "Адалдық-ардың ісі" тақырыбында танымдық іс-шара өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бойына адалдық, шынайылық, жауапкершілік қасиеттерін дарыту. Адал азамат болуға тәрбиелеу. Іс-шара барысында оқушылармен қызықты тренинг жаттығулар өткізілді. Жағдаяттар талдап, қызықты сахналық қойылым қойды.

1-11 сыныптарда Республика күніне арналған тәрбие сағаты өткізілді.
Тақырыбы: **«Менің Отаным – Қазақстан»**
Мақсаты: оқушыларды отансүйгіштікке, елін құрметтеуге, ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу.
Сабақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнімен басталды. Оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтып, мерекелік көңіл күй орнады. Сабақ барысында сұрақ-жауап, мақал-мәтелдер айту, және «Қазақстан болашағы» тақырыбында эссе жазу сияқты әдістер қолданылды. Бұл тапсырмалар оқушылардың белсенділігін арттырып, өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік берді.
Сабақ соңында оқушылар өз ой-пікірлерін айтып, сабақ бойынша қорытынды жасалды.

Қорытынды: Сабақ өз мақсатына жетті. Оқушылар белсенділік танытып, отансүйгіштік сезімдері күшейді.
Сабақ тәрбиелік және танымдық тұрғыдан мазмұнды өтті.

25 қазан — Республика күніне орай Фурманов жалпы білім беретін мектебінде **«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар ұйымына қабылдау** салтанатты жиын өтті!

Бұл күні 2–5 сынып оқушылары «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар ұйымына қабылданып, өз Отанына адал қызмет етуге ант берді. Мерекелік шара барысында оқушылар патриоттық әндер шырқап, өлеңдер оқып, елімізге деген сүйіспеншіліктерін білдірді. 9–11 сынып оқушылары арасында «Менің Республикам» тақырыбында пікірсайыс турнирі өтті. Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақтың отансүйгіштік сезімін арттыру, азаматтық ұстанымын қалыптастыру, шешендік өнері мен сыни ойлау қабілетін дамыту болды.

Турнир нәтижесі бойынша:

• Бас жүлде – «Жалын» фракциясына;
• I орын – «Ел болашағы» фракциясына;
• II орын – «Бүркіт» фракциясына;
• III орын – «Интеллект» фракциясына берілді.

Пікірсайысқа қатысқан оқушылар жоғары деңгейдегі дайындық пен белсенділік көрсетті. Осындай шаралар оқушылардың өз ойларын еркін жеткізуіне, еліміздің болашағы туралы терең ойлануына және көшбасшылық қабілеттерін дамытуына ықпал етеді.

25 қазан – Республика күніне орай мектебімізде 5-7 сынып оқушылары арасында тоғызқұмалақ сайысы өтті!
Оқушылар өздерінің логикалық ойлау қабілеттерін көрсетіп, ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттырды.

25 қазан – Республика күніне орай мектебімізде «Көңілді мәре» атты сайыс өткізілді. Сайысқа 2–4 сынып оқушылары белсене қатысып, өздерінің шапшаңдығы мен ұйымшылдығын көрсетті.

***Қараша - Әділдік және жауапкершілік***

Аптаның дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!
Аптаның дәйексөзі: Тура биде туған жоқ!
Аптаның дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі
Аптаның дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!

12 қараша – Choco Day!
1–11 сынып оқушылары үшін ерекше көңілді күн өтті. Қоңырау уақытында өткізілген бұл шараны мектеп президенті Айбек Аяулым ұйымдастырды. Choco Day аясында оқушыларға тәтті көңіл-күй сыйланып, әр үзіліс көтеріңкі, достық атмосферада өтті. Балалар шоколад таратылып, бір-біріне тілектер жазып позитивті эмоция сыйлады.
Шараның басты мақсаты – оқушылардың көңілін көтеру, ынтымақтастықты арттыру және мектеп күнін ерекше ету.
Керемет көңіл-күй мен тәтті сәттерге толы Choco Day жоғары деңгейде өтті!

Қарашаның 13 і күні 9-11 сынып оқушыларымен мектеп инспекторы Махамбет Өтемісұлымен кездесу өткізілді. Басты мақсат: оқушылардың қауіпсіздігі, құқықтық сауаттылықты арттыру, буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылықтың алдын алу. Кездесу барысында оқушылармен ашық әңгіме жүргізілді. Түнгі

жүріс, ұялы телефонды пайдалану әдебі, жалпы оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы сөз қозғалып, толықтай түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақытта осындай профилактикалық кеңестерден кейін оқушыларымыз тәртіпті де білімді болады деп сенім білдіреміз.

«Адал ұрпақ еріктілер» үйірмесі "Сұрақ бізден, жауап сізден" айдарымен қызықты іс-шара өткізді. «Сұрақ бізден, жауап сізден» қызықты сұрақтар ойынының мақсаты:
-ойлау, тез шешім қабылдау және сөйлеу қабілетін дамыту;
- Тапқырлық пен логикалық ойлауды жетілдіру;
- Қызықты сұрақтар арқылы танымдық белсенділігін арттыру;
- Өз ойын еркін жеткізе білуге және көпшілік алдында жауап беруге дағдыландыру;
- Қызықты формада білімді бекіту және есте сақтауды жақсарту. Бұл іс-шараға мектеп оқушыларымен қатар, ұстаздар, кіші қызметкерлер де өз үлесін қосты.Барлық іс-шараға белсене қатысып, сұраққа дұрыс жауап бергендерге тәттілер үлестірілді.

14 қараша күні "Валюта күніне орай" 7–6 сынып оқушылары арасында мектеп президенті Айбек Аяулымның ұйымдастыруымен Теңгемізді бағалайық! қызықты ойын сайысы өтті. Оқушылар екі топқа бөлініп,
6 “А” сыныбы – “Теңге” командасы
7 сынып – “Доллар” командасы
болып бақтарын сынады.
Сайыс 3 кезеңнен тұрды:
1 Сұрақ-жауап
2 Қай елдің ақшасы? — валюталарды тану кезеңі
3 Пазл құрастыру
Жарыс жоғары деңгейде өтіп, оқушылар белсенділік танытты.
Жеңімпаз: 6 “А” сынып — “Теңге” командасы!
Теңге тәуелсіз Қазақстанның жетістігі тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.
Тәрбие сағатының мақсаты:
Оқушыларға ұлттық валюта — теңге туралы түсінік беру, оның тарихы мен маңызын ұғындыру;
Балаларды еңбекқорлыққа, үнемшілдікке тәрбиелеу; Табиғаттағы және су қоймаларындағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру;
Әділдік пен жауапкершілік қасиеттерін дамыту

ҚОӘББ "Психологиялық қолдау және тәрбие жұмысының өңірлік оқу-әдістемелік орталығы" КММ жұмыс жоспарына сәйкес 20-28 қараша күндері 5-11 сынып оқушыларымен "Өсу энергиясы тренинг: Сенің күш пен сенімділік формулаң" (Күйзеліске төзімділік пен өміршеңдікті дамыту) тақырыбында тренинг жаттығулар өткізіліп жатыр. Тренингтің мақсаты: ойын және командалық әрекеттер арқылы қатысушылардың күйзелістік жағдайларда эмоциялар мен мінез-құлықты тиімді басқару дағдыларын қалыптастыру.Осындай мақсатта 11-сынып оқушыларымен түрлі қызықты ойындар мен жаттығулар өткізілді. Оқушыларға арнайы ақыл- кеңестер берілді. Күйзеліс жау емес, бұл жай ғана назар аударуды қажет ететін сигнал. Біздің

мақсатымыз-күйзелісті толығымен жою емес, оған деген реакцияны басқарып үйрену. Қатені тез қалпына келтіре білу-бұл кәсіпқойлық.

Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "Қуанышқа толы шулы алаң" көңілді үзіліс.

Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "Ізгі тілекке толы дәліз" атты көңілді үзіліс.

Дүниежүзілік балалар күніне арналған "Психологиялық қолдау апталығының" жұмыс жоспарына сәйкес "Сенімділік пен қолдау күніне" орай оқушылармен қызықты тренинг жаттығулар өткізілді. Оқушылар арасында мазасыздық жойылып, сенімділік орнап, достық қарым-қатынас нығая түсті.

Дүниежүзілік балалар күніне арналған "Психологиялық қолдау апталығының" жұмыс жоспарына сәйкес "Жетістіктер ағашы" жаттығуы өткізілді. Оқушылар өз жеткен жетістіктері, армандары мен тілектерін жазып ағашқа жабыстырды. Мақсаты: оқушылар арасында сенімділік қалыптастыру, өздерін бағалау сезімдерін арттыру.

"Адал Ұрпақ" үйірмесінің оқушыларымен қызықты "Адалдық минуты" ойыны өткізілді. Мақсаты: оқушыларды адалдыққа, өтірік айтпауға, мақсат қоюға және оған талмай жету жолында шыдамды және адал болуға тәрбиелеу. Оқушылар "Дүйсенбіден бастап мен... " деген сөйлемді жалғастырды. Ойын өте қызықты және белсенді болды. Оқушыларға жақсы көңіл-күй сыйлады. Барлық қатысқан оқушыларға тәттілер берілді.

«Дебат» үйірмесінің өткізуімен ЛД форматы бойынша “Қазіргі жастарға мотивация жетіспейді деген пікір қате” атты пікірталас өтті.
ЛД форматының ерекшелігі — екі адамнан тұратын PRO және OPP тараптары кезекпен сөз сөйлеп, логикалық дәлел, аналитикалық ой, факт және мысалға сүйенген құрылымды аргументация ұсынуында. Әр спикердің уақыты нақты белгіленіп, аргументтер логикалық ретпен беріледі: Кіріспе → Негізгі дәлелдер → Қарсы пікірді теріске шығару → Қорытынды.
Өткізілген пікірталастың мақсаты — оқушылардың сыни ойлауын дамыту, жастар туралы қоғамда қалыптасқан қате пікірлерді талдау және жеке көзқарастарын нақты дәлелдер арқылы қорғауға үйрету болды.
Дебат барысында оқушылар қазіргі жастардың мотивациясы төмен деген стереотиптің шындыққа жанаспайтынын дәлелдеп, олардың мақсатқа ұмтылуы, жаңа бағыттарда дамуы, технологиялық ортада белсенділігі сияқты факторларды негізге алды. Екі тарап та қарсы аргументтерге логикалық түрде жауап беріп, ЛД форматының талаптарын жоғары деңгейде сақтап шықты.
Жалпы, пікірталас оқушылардың аналитикалық ойлауын, мәдениетті коммуникация дағдысын дамытуға үлкен серпін берді.

Мектеп парламенті мен 11-сынып оқушыларының бастамасымен 27.11.2025 жылы ерекше форматта “90’s Style” тақырыбында 8–11 сыныптар арасында шығармашылық сайыс ұйымдастырылды.
Бұл шараның мақсаты — оқушыларға өткен ғасырдың ерекше үлгісі болған 90-жылдар стилін таныстырып, сол кезеңнің сәнін, мәдениетін, музыкалық бейнесін көрсетті.

Сайыс барысында әр сынып өздерінің 90-жылдарға тән киім үлгісін, би

қимылдарын, музыкалық нөмірлерін және сахналық қойылымдарын жоғары деңгейде ұсынды. Оқушылардың стильді образдары, ерекше идеялары мен белсенділігі көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, мектеп өміріне жаңа серпін қосты.
Шара өте көңілді, қызықты әрі мазмұнды өтті.
20 қараша күні 7-11 сыныптар арасында «Заң және тәртіп» тақырыбы бойынша мазмұндама жазу жұмысы ұйымдастырылды. Сабақтың негізгі мақсаты – оқушыларға заңның қоғамдағы рөлі, құқықтық мәдениет пен тәртіптің маңызын түсіндіру, жауапкершілік сезімін қалыптастыру болды. Оқушылар мазмұндаманы жазу барысында заңға бағынудың азаматтық борыш екенін, әр адамның қоғам алдындағы жауапкершілігі жоғары болуы керектігін өз ойларымен жеткізе алды. Сонымен бірге мәтіннің мазмұнын жүйелі жеткізу, сауатты жазу, өз пікірін дәлелдеу дағдылары да дамытылды.9-11 сыныптар арасында «Полиция мен балалар — қауіпсіздік үшін бірге» тақырыбында мазмұндама жазды.
Мазмұндаманың мақсаты:
Оқушылардың қауіпсіздік туралы түсінігін кеңейту, полициямен ынтымақтастықтың маңызын ұғындыру, саналы азаматтық көзқарас қалыптастыру.
Оқушылары қоғамдағы қауіпсіздік, жауапкершілік және тәртіптің маңызын өз шығармаларында терең әрі әсерлі жеткізді. Балалар тақырыпты жан-жақты ашып, полиция қызметкерлерінің рөлін, өздерінің құқықтары мен міндеттерін түсінгенін көрсетті.
Оқушылардың белсенділігі, ой өрісі және жауапкершілікпен қарауы — болашаққа деген сенімді арттырады. Жалпы мазмұндама жазған оқушылар саны – 67

*ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ АЙЫ*

*5 желтоқсан – Дүниежүзілік еріктілер күні*

*16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні*

Аптаның дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады
Аптаның дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді
Аптаның дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас
Аптаның дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған

05.12.2025 жылы Фурманов жалпы білім беретін мектебінде 1–8 сынып оқушыларына мектеп медбикесі Мәлік Таңшолпанның ұйымдастыруымен тұмаудың алдын алу бойынша түсіндіру жиыны өткізілді. Оқушыларға тұмаудың белгілері, одан сақтану жолдары, жеке гигиена талаптары және иммунитетті күшейту тәсілдері туралы маңызды ақпарат берілді. Осындай шаралар арқылы балалардың денсаулығын қорғауға бағытталған алдын алу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.
Желтоқсан айының алғашқы аптасы "Адал Ұрпақ" үйірмесінің жетекшілігімен мен "Жемқорлыққа жол жоқ!" тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты: сыбайлас жемқорлықтың салдарын оқушыларға түсіндіре отырып, адал да еңбекқор жас ұрпақ тәрбиелеу. Жемқорлықтың алдын алу. Байқау нәтижесі бойынша үздік деп танылған суреттер арнайы мақтау қағазымен марапатталып

және тәттілер таратылды.
Дұрыс тамақтану тәртібін бақылау мақсатында асханаға тексеру жүргізілді. Асхананың санитарлық жағдайы, тағам сапасы және оқушылардың тамақтану мәдениеті назарға алынды.
Сонымен қатар оқушылармен кездесу өткізіліп, дұрыс тамақтанудың маңызы, күнделікті рационды дұрыс құрастыру, пайдалы әдеттерді қалыптастыру туралы ақпарат берілді.
Балалардың денсаулығын нығайту мақсатындағы алдын алу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.
«ДОСБОЛLIKE»
«Буллингтен қорған! » Жеке шекараларды қорғау/ «ЖКО-да зардап шегушінің киімін шешу ережелері» ЖЖЕ№3Қ ауіпсіздік сабағы «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары тақырбы бойынша сынып сағаттары өткізілді.
11.12.2025 күні “Кітап оқитын ұлт” жобасы аясында сағат 17:00 де 6-10 сынып оқушылары арасында «Әр кітап – бір әлем» тақырыбында әдеби қойылым жоғары деңгейде болып өтті.
Ұйымдастырушы: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нұрмұханова Әсел Қайратқызы
12 желтоқсанда «Цифрлық технологиялар оқушының шынайы шығармашылығын арттыра ма?» тақырыбында пікірсайын өтті.

🔷Бұл пікірсайыстың мақсаты – цифрлық құралдардың оқушы шығармашылығына әсерін этикалық, педагогикалық және философиялық тұрғыдан талдау. Оқушылардың технологияға тәуелділік пен шығармашылық еркіндік арасындағы байланысын түсінуіне, логикалық дәлелдер арқылы өз позициясын қорғауына жағдай жасау.
🔷 ҚОРЫТЫНДЫ:
Дебат барысында қатысушылар технологияның шығармашылыққа ықпалын жан-жақты қарастырды. Бірі цифрлық мүмкіндіктердің идея тудыруды жеңілдететінін дәлелдесе, екінші тарап адам қиялының табиғи дамуын маңызды деп көрсетті. Талқылау оқушылардың ойлау көкжиегін кеңейтіп, болашақтағы технологиялық таңдауларын саналы жасауына ықпал етті.
«Қоғамдықмүлікті қорға!»Қауіпсіздіксабағы (10 минут) сыныптар : «Цифрлық диета» Челленджі:гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту сізге қалай әсер етеді? тақырында сынып сағаты болып өтті. Мақсаты:күмәнді жағдайда аулақ болуға үйрету.
25-желтоқсан Психологтар күніне орай 22-26 желтоқсан аралығында "Психологиялық білім онкүндігі" өткізілуде. Мақсаты: оқушыларды психологиялық сауаттандырып, жағымды психологиялық ахуал мен жағдай қалыптастырып, оқушыларды қолдау. Келеңсіз жағдайлар мен буллинг, зорлық-зомбылықтың алдын алып, достық қарым-қатынасты нығайту. Мектеп іші арнайы безендіріліп, оқушыларды "Таңғы селфимен" қарсы алдым. Оқушылармен түрлі қызықты тренинг жаттығулар өткізілді. Алдағы күндері іс-шаралар өз жалғасын табады. Ұйымдастырушы: мектеп психологі Абильдина Асем Жаналыковна.

Желтоқсанның соңғы аптасы Жаңа жылдық ертеңгіліктер мен аяқталды Бастауыш сынып оқушылары жаңа жылдық іс-шарада сынып болып өнер көрсетті. 0-4 сыныптар.

Көңілді ән-билер мен жарқын қойылымдар мерекелік көңіл-күй сыйлады!

Орта буын сынып оқушыларының жаңа жылдық іс-шарасы 25.12. күні өз өнерлерін көрсетіп, мерекелік кеш жоғары деңгейде өтті! 5-7 сыныптар.

Жоғарғы сыныптар 26.12 күні "Жаңа жылдық тарту" мерекелік іс-шараға қатысып, белсенділік танытты.

Әр сынып, тәрбие сағаттарынан кейін оқушылар өз ойларын ортаға салып отырды. Ата-аналармен тығыз байланыс жасау жолға қойылған. Тәртіпсіздік орын алған жағдайда сынып жетекші, ата-ана, мектеп әкімшілігі тарапынан түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Жалпы биылғы 2025-2026 оқу жылының басынан 4 үйірме, клуб, 3 спорттық секциялары жұмысын бастаған болатын. Атап айтқанда, үйірме, клубтар:

1. «Адал ұрпақ» клубы. Жетекші: Абильдина А. Ж.құрамында 15 оқушы.
2. «Дебат» клубы . Жетекшісі: Төленді А. Б. құрамында 10 оқушы
3. «Театр» үйірмесі. Байтурина Г. Т. құрамында 15 оқушы
4. «Жасыл» клубы. Жетекшісі:Мусиева Э. Ж. құрамында 15 оқушы

Спорттық (үйірме) секциялары

1. «Волейбол» қыздар. Жетекшісі: Абильдина К.Т. құрамында 15 оқушы.
2. «Волейбол» ұлдар. Жетекшісі: Абильдин Ж.Т. құрамында 15 оқушы.
3. «Баскетбол» Жетекшісі: Суттибаева Б.К. құрамында 15 оқушы.

Жыл басында жоспары бекітіліп, қазіргі таңда барлығы 100 оқушы қамтылған.

Оқу жылының басында құрылған жұмыс жоспарына сәйкес **«Адал Ұрпақ»** үйірмесі өз жұмысын жүргізіп келеді. «Адал Ұрпақ» үйірмесінің мақсаты жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар аясында өскелең ұрпақтың бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және оған қарсы тұруға дайын тұлғаларды тәрбиелеу. «Адал Ұрпақ» үйірмесінің жұмыс уақыты әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері жүргізіліп келеді. Арнайы бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес бірнеше іс-шаралар жүргізілді. Үйірме құрамында 15 оқушы бар. «Адал Ұрпақ» үйірмесінің мүшелері жұмыс жоспары және қауіпсіздік ережесімен таныстырылды. Жоспарға сәйкес іс-шаралар уақытылы өткізіліп тұрады.

"Адал ұрпақ" үйірмесінің ұйымдастыруымен оқушылармен "Адалдық әлемі" атты танымдық ойын өткізілді. Мақсаты: оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыра отырып, оқушылардың уақытын тиімді де қызықты өткізу. Адалдық қасиеттерін арттыру.

"Адал ұрпақ" үйірмесінің ұйымдастыруымен "Сұрақ бізден, жауап сізден" тақырыбында қызықты ойын өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бойына адалдық, шынайылық, жауапкершілік қасиеттерін дарыту. Адал азамат болуға тәрбиелеу.

«Қоғамдық тәртіп негіздері», «Құқықтық тәрбиедегі отбасының рөлі», «Қазақстан-құқықтық мемлекет», «Мемлекеттік қызмет-өмірлік ұстаным» тақырыптарында түрлі қызықты сабақтар өткізілді. Сонымен қатар «Адалдық дүкені» өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бойына академиялық адалдық қасиеттерін сіңіру, әдептілікке, әділ болуға баулу. Сондай-ақ қараша айында 9-11 сынып оқушыларымен балалардың құқығын қорғау инспекторы Махамбет Өтемісұлымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушыларға өз құқықтары мен міндеттері, зорлық-зомбылық, электронды темеекі, ұрлық жасамау, буллинг, кибербуллинг зардаптары туралы, толықтай түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
Желтоқсан айында 5-11 сынып оқушылары арасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылып, жеңімпаздар мақтау қағазымен марапатталды. Сонымен қоса осы желтоқсан айында «Адалдық-адамдықтың белгісі» тақырыбында 5-11 сыныптар арасында эссе байқауы өткізіліп, үздік деп танылған жұмыстар мақтау қағаздарымен марапатталып және тәттілер таратылды.
2025-2026 оқу жылынан бастап біздің мектептің **«Жас өркен» театр** үйірмесі өз жұмысын бастады. Оқушылар үйірмеге қабылданып, театр туралы мағұлымат пен алғашқы тәжірибесін алу үшін дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында жоспарға сәйкес үйірменің жұмыс жоспары және қатысушылар тізімімен танысу оқу жылының басында театр үйірмесінің толық жұмыс жоспары жасалып, жетекші мен қатысушылар арасында талқыланды. Жоспарда жыл бойы өтетін шығармашылық сабақтар, теориялық дәрістер, сахналық жаттығулар, қойылым дайындау кезеңдері және фестивальдерге қатысу шаралары белгіленді. Үйірмеге қатысушылардың толық тізімі жасалып, әр оқушының қызығушылығы, қабілеті және рөль таңдауы ескерілді Театр үйірмесінда 15 оқушы қамтылған.
9 қыз бала, 6 ер бала. Осы оқушылармен жұмыстар жалғасын тауып отырды.

Берілген оқу кезеңінде театр өнеріне, ертегіні сахналауға және актерлік шеберлікке қатысты маңызды тақырыптар қарастырылды. Сабақтардың негізгі мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сахна мәдениетін меңгерту және ұжыммен жұмыс істеуге үйрету болды.

**Ертеңгіліктің сценарийімен танысып үйрену**

Оқушылар ертеңгілікке арналған сценариймен танысып, оның құрылымын, кейіпкерлер рөлін және сахналық әрекеттерді түсінді. Сценариймен жұмыс жасау арқылы мәтінді дұрыс оқу, рөлге ену дағдылары қалыптасты.

**«Қызыл телпек» ертегісінің мазмұны**

Ертегінің негізгі мазмұны талданып, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекеттері ашылды. Оқушылар ертегідегі жақсылық пен жамандық ұғымдарын ажырата білді.

**Театр – ұжымдық өнер**

Театрдың ұжымдық өнер екені түсіндірілді. Әрбір қатысушының (актер, жүргізуші, музыка қоюшы) ортақ жұмысқа жауапты екені айтылды. Бір-бірін тыңдау және қолдау дағдылары дамыды.

**Ертегі мазмұнына сай музыка таңдау. Дайындық жұмысы**

Сахналық қойылымға сәйкес музыка таңдалып, оның көңіл күйге әсері

талқыланды. Музыканың көріністі толықтыратын маңызды құрал екені түсіндірілді.
**Әрекеттендіруші «Егер де…»**
«Егер де…» әдісі арқылы оқушылар өздерін кейіпкер орнына қойып, қиялдау және әрекет ету қабілеттерін дамытты. Бұл әдіс актерлік ойлауды жетілдіруге көмектесті.
**Әдеп пен мәдениет**
Сахнадағы және көрермен алдындағы әдептілік пен мәдениеттілік ережелері үйретілді. Сыпайы сөйлеу, тәртіп сақтау маңыздылығы айтылды.
**Актерлік өнердің негіздері**
Дене қимылы, мимика, дауыс ырғағы сияқты актерлік өнердің негізгі элементтерімен таныстырылды. Қарапайым жаттығулар орындалды.
**«Мақта қыз бен мысық» ертегісі**
Ертегінің мазмұны оқылып, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас талданды. Тәрбиелік мәні түсіндірілді.
**Сөйлеу ережесі мен өзін-өзі ұстау тәртібі**
Дұрыс, анық сөйлеу, сахнада өзін ұстау тәртібі үйретілді. Оқушылардың сенімділігі арта түсті.
**Сахналық этюдтер**
Қысқа сахналық этюдтер арқылы қимыл, эмоция және образ жасау дағдылары дамытылды.
**Диалог – жануарларға дыбыстық еліктеу**
Жануарларға тән дыбыстарды салу арқылы диалог құру жаттығулары орындалды. Бұл тапсырма оқушылардың қиялын және дыбыстық мүмкіндіктерін дамытуға ықпал етті.
Қойылым барысында оқушылар театр өнерінің негіздерімен танысып, ертегіні сахналау, ұжыммен жұмыс істеу, мәдениетті сөйлеу және актерлік қабілеттерін дамыту бойынша жақсы нәтижелер көрсетті. Алынған білім мен дағдылар алдағы шығармашылық жұмыстарға негіз қойды. 6-10 сынып оқушылар арасында әр автордың жазған кітаптары бойынша қойылымдарға дайындалды.
Мыржақып Дулатұлының 140 жылдық мерей тойына орай 10 сынып оқушылары қалалық байқауға қатысты.Байқауға «Бақытсыз Жамал» романы бойынша қойылым қойды. Қойылымнан қатысқаны үшін мадақтамасын алды. Мектепішілік «Әр кітап бір әлем» тақырыбында сыныптар әр оқыған кітаптары бойынша көріністер қойды. Сол мектепішлік жарыста 10 сынып оқушылары «Оң қол» қойылымын сомдап 1 орын иеленді. Жасұлан үйірмесі мен 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен музыкалық қойылым болды. 8 сынып оқушылары 1 орынды жеңіп алды. Оқу барысында оқушылар театр өнерінің негіздерімен танысып, ертегіні сахналау, ұжыммен жұмыс істеу, мәдениетті сөйлеу және актерлік қабілеттерін дамыту бойынша жақсы нәтижелер көрсетті. Алынған білім мен дағдылар алдағы шығармашылық жұмыстарға негіз болады.

2025–2026 оқу жылында **«Жасыл клуб»** үйірмесі жоспарға сәйкес тұрақты түрде жұмыс жүргізді. Үйірменің негізгі мақсаты – оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін арттыру

және жасыл ойлауды дамыту. . Сабақтар әр аптаның сәрсенбі және бейсенбі күндері өткізіледі:

таңертеңгі уақытта – сағат 10:00–11:30,

түстен кейінгі уақытта – сағат 15:00–16:30.

«Жасыл» клубында барлығы 15 оқушы қатысады. Қатысушылар – 5, 6, 7, 8-сынып оқушылары. Клубтың негізгі мақсаты – оқушылардың экологиялық мәдениетін арттыру, табиғатты қорғауға және туған жер табиғатын аялауға тәрбиелеу. 1-жарты жылдық бойынша «Жасыл клуб» үйірмесінде 14 іс-шара өткізілді. Сабақтар теория және тәжірибе түрінде өтіп, әрбір іс-шарада оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту көзделді.

*Жүргізілген жұмыстар:*

1.Экология ғылымының қалыптасуы
Оқушыларға экология ғылымының пайда болуы мен дамуы, экологиялық көзқарастың маңызы түсіндірілді.

2Өсімдіктер мен жануарлар әлемі
Табиғаттағы өсімдіктер мен жануарлар өмірінің әртүрлілігі және олардың өзара байланысы қарастырылды.

3Қызыл кітаптың алуан түрлілігі
*Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы* – сирек кездесетін әрі жойылып кету қаупі бар өсімдіктер мен жануарлар туралы маңызды құжат екені түсіндірілді. Қызыл кітапқа енгізілген түрлерді қорғаудың маңызы айтылды.

4Қорықтар туралы не білеміз?
Табиғатты қорғаудың ұйымдық формасы ретінде қорықтар мен олардың биоалуантүрлілік сақтайтын орны туралы мәлімет берілді. Мысалы, Қостанай облысында табиғи қорықтар бар (мысалы, Наурзым мемлекеттік табиғи қорығы), олар өсімдік пен жануарлар әлемінің байлығын сақтап тұрады.

5.Ауа райы
Әртүрлі климаттық жағдайлар, ауа райының өзгеруі, оның табиғат пен тіршілікке әсері талқыланды.

6.Ауа райын болжайтын халық даналығы
Халықтық аңыздар мен табиғи белгілер бойынша ауа райын болжау дәстүрлері қарастырылды.

7.Сынақ (экологиялық білімді сынау)
Оқушылардың қоршаған ортаны тану және экологиялық білім деңгейін тексеретін тест тапсырмалары өткізілді.

8.Менің туған жерімнің экологиясы
Оқушылар өз туған жерлерінің экологиялық жағдайын зерттеп таныстырды.

9.Туған жердің өсімдіктер әлемі
Туған жердегі (Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Фурманов ауылы) өсімдіктер түрлері зерттеліп, олардың маңызы талқыланды.

10..Туған жердегі дәрілік өсімдіктер
Табиғаттағы дәрілік өсімдіктер мен олардың қолданылу ерекшеліктері қарастырылды.

11.Туған жердің жануарлар әлемі

Жергілікті жануарлар түрлері анықталып, олардың тіршілік ортасы мен маңызы талқыланды.

12.Туған жердің ауа райы: Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Фурманов ауылы Жергілікті климаттың ерекшеліктері, маусымдық ауытқулар, экологиялық факторларға әсері туралы мәліметтер талданды.

13.Туған жердің өсімдіктері мен жануарлар әлемін қалай қорғаймыз? Оқушылармен қоршаған ортаны қорғау бағытында ұсыныстар мен іс-әрекеттер жоспары құрылды (қоқыс тастауды азайту, ағаш отырғызу, жануарларды қорғау т.б.).

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі

- Оқушылар экология ғылымының негіздерімен танысып, табиғат туралы білімдерін жүйеледі.
- Табиғи ортадағы өсімдіктер мен жануарлар әлемінің маңызы түсінікті болды.
- Қызыл кітапқа енгізілген түрлер туралы білімдері кеңейді және оларды қорғаудың маңыздылығы артты.
- Жергілікті туған жер табиғатын зерттеу арқылы оқушылар өз елінің экологиясына деген қызығушылық пен жауапкершілік сезімін арттырды.

2025-2026 оқу жылының басында «Жалын» дебат клубы құрылып, жетекшісі физика және математика пәні мұғалімі Төленді Арайлым Бақытқалиқызы тағайындалып,жылдық жоспары бекітілді.

**Мақсаты:**

Заман талабына сай, санасы жетік, адами құндылықтарды бойына сіңірген, сын тұрғысынан ойлай білетін, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

Оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.

Шешендік өнер, жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау және ынталандыру.

Пікір-сайыс және пікірталастар арқылы оқушылардың сыни ойлауын дамыту, ойларын дәлелдеп жеткізе білуге баулу.

Қазақстанға деген сүйіспеншілік пен ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру.

Коммуникативтік қабілеттерін, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын жетілдіру.

Мектеп оқушылары арасында пікірсайыстың сапасын көтеру және белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру.

Қыркүйек айынан бастап біздің мектептің дебат үйірмесі өз жұмысын бастады. Оқушылар үйірмеге қабылданып, дебат пен пікірсайыс туралы алғашқы тәжірибесін алу үшін дөңгелек үстел өткізілді. Жоспарға сәйкес, 9 қазан күні ***«Дарынды бала туады ма әлде тәрбиеленеді ме?»*** тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылды.

Пікірсайыстың **мақсаты** – оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, өз ойларын дәлелдеп жеткізе білуге үйрету және топ ішінде пікір алмасу мәдениетін қалыптастыру.

**Қорытынды:** оқушылар белсенділік танытып, тақырып бойынша жан-жақты пікір білдірді, өзіндік ойларын еркін жеткізе білді.

20 қазан күні **«Адамдыбақытты ететін не: еңбек пе, байлық па?»** тақырыбында пікірсайыс өтті. «Интеллект» және «Жалын» фракциялары өз аргументтерін ортаға салды.

Пікірлер бойынша:

«Нақыз бақыттың кілті – адал еңбек».

«Байлықсыз бақыт жоқ».

«Еңбек байлықтан артық күнделікті құндылық».

Үздік спикерлер:

«Жалын» фракциясы – Бүркітбай К., Айбек А.

Республика күніне орай 9–11 сыныптар арасында «Менің Республика» атты тақырыпта турнир ұйымдастырылды. Турнирде әр сынып фракциялары өз тақырыптары бойынша сөз сөйледі:

11 сынып – «Ел болашағы», спикерлер: Бітай М., Мәжит С.

10 сынып – «Жалын», спикерлер: Айбек А., Қайсар Ж.

9 сынып – «Интеллект», спикерлер: Жауынбай Ж., Айбар А.

10 сынып – «Бүркіт», спикерлер: Бүркітбай К., Сапарбек Б.

Турнир барысында **палата қарарлары**:

Республика күнін мектептерде ерекше атап өту қажет.

Әрбір оқушы өз республикасының табиғатын қорғауы тиіс.

Республикадағы тарихи орындарға оқушылардың баруын қолдау қажет.

**Турнир нәтижесі бойынша:**

Бас жүлде – «Жалын» фракциясы

I орын – «Ел болашағы» фракциясы

II орын – «Бүркіт» фракциясы

III орын – «Интеллект» фракциясы

«Мектеп формасы міндетті болуы керек!» тақырыбындағы пікірсайыс

Қараша айында өткізілген алғашқы дебат мектеп өміріндегі өзекті мәселелердің бірі – мектеп формасының қажеттілігі туралы пікір алмасуға арналды. Бұл тақырып оқушылар арасында үлкен қызығушылық тудырып, белсенді пікірталас алаңына айналды.

Мақсаты:

Оқушылардың мектептегі тәртіп, жауапкершілік, теңдік және жеке еркіндік мәселелеріне қатысты көзқарасын қалыптастыру, өз ойын жүйелі түрде жеткізуге және нақты дәлелдер арқылы қорғауға үйрету.

Пікірсайыс барысы:

Дебат барысында тараптар мектеп формасының оқу үдерісіне, оқушылардың мінез-құлқына және әлеуметтік теңдікке тигізетін әсерін жан-жақты талдады. Оқушылар тарихи, әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан дәлелдер келтіріп, қарсы тараптың пікіріне сауатты түрде жауап берді.

Қорытынды:
Пікірсайыс нәтижесінде оқушылардың ойлау көкжиегі кеңейіп, мәселені жан-жақты қарастыру дағдылары қалыптасты. Дебат олардың сөйлеу мәдениетін арттырып, өзіндік көзқарасын ашық білдіруге мүмкіндік берді.
9-сыныптар арасындағы дебат
«Қатаң тәртіп – оқушының сапалы білім алуына оң әсер етеді»
Аталған тақырыптағы пікірсайыс жасөспірімдер арасында тәртіптің рөлі мен білім сапасының өзара байланысын терең түсінуге бағытталды.
Мақсаты:
Оқушыларға оқу үдерісіндегі тәртіптің маңызын түсіндіру, жауапкершілік сезімін қалыптастыру және логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Пікірсайыс барысы:
Қатысушылар қатаң тәртіптің артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыра отырып, нақты өмірлік мысалдар келтірді. Оқушылар өз позицияларын сенімді қорғап, пікірталас мәдениетін сақтай отырып, қарсы уәждер ұсынды.
Қорытынды:
Дебат нәтижесінде оқушылар тәртіптің білім сапасына тікелей әсер ететінін түсініп, өз көзқарастарын дәлелді түрде жеткізе алды. Іс-шара оқушылардың өзін-өзі бақылау және жауапкершілік дағдыларын нығайтты.
10-сыныптар арасындағы ЛД форматтағы дебат
«Қазіргі жастарға мотивация жетіспейді деген пікір қате»
Бұл пікірсайыс жастарға қатысты қоғамда қалыптасқан көзқарастарды сыни тұрғыдан талдауға бағытталды.
Мақсаты:
Оқушылардың мотивация ұғымын терең түсінуіне мүмкіндік беру, қазіргі жастардың әлеуетін дәлелдер арқылы көрсету және ЛД форматында пікірталас жүргізу дағдыларын жетілдіру.
Пікірсайыс барысы:
Оқушылар әлеуметтік желілер, білім беру мүмкіндіктері және жастардың қоғамдық белсенділігі туралы мысалдар келтіріп, өз көзқарастарын қорғады. ЛД форматы талаптарына сай аргументтер құрылып, қарсы тараптың уәждеріне нақты жауаптар берілді.
Қорытынды:
Дебат оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін арттырып, күрделі тақырыптарды құрылымды түрде талдауға үйретті. Қатысушылардың шешендік деңгейі айтарлықтай өсті.
Желтоқсан айындағы дебат үйірмесінің жұмысы
Қалалық пікірсайыс тақырыбы «ЖИ және оның жастарға әсері»
Желтоқсан айында дебат үйірмесінің белсенді мүшелері қалалық деңгейде өткен ауқымды пікірсайысқа қатысып, мектеп намысын қорғады.
Мақсаты:
Оқушылардың заманауи технологиялар, соның ішінде жасанды интеллект туралы білімін кеңейту, қоғамдық деңгейде пікір білдіру қабілетін дамыту.
Пікірсайыс барысы:
«Жалын» фракциясының спикерлері Бүркітбай Қаусар мен Қайсар Жансая

жасанды интеллекттің білім, еңбек нарығы және жастар өміріне тигізетін әсерін нақты дәлелдермен ұсынды.
Қорытынды:
Команда жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, дипломмен марапатталды. Бұл жетістік оқушылардың өз күшіне сенімін арттырып, дебат үйірмесінің нәтижелі жұмысын дәлелдеді.
«Цифрлық технологиялар оқушының шынайы шығармашылығын арттыра ма»
Бұл дебат қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің біріне арналды.
Мақсаты:
Цифрлық технологиялардың оқушы шығармашылығына ықпалын жан-жақты талдау және сыни көзқарас қалыптастыру.
Міндеттері:
– технологияның оң және теріс тұстарын салыстыру;
– шығармашылық қабілеттің дамуына әсерін анықтау;
– дәлелді пікір айту дағдысын жетілдіру.
Қорытынды:
Пікірсайыс барысында оқушылар өз ойларын нақты мысалдармен жеткізіп, технологияны тиімді қолданудың маңызын түсінді.
«Отбасы тәрбиесі мектеп тәрбиесінен маңызды» 9-сынып арасында
Бұл тақырыптағы пікірсайыс тәрбиенің бастауы мен тұлға қалыптасуындағы негізгі факторларды талқылауға арналды.
Мақсаты:
Оқушылардың отбасы мен мектеп тәрбиесінің өзара байланысын түсінуіне жағдай жасау және адамгершілік құндылықтарды дәріптеу.
Қорытынды:
Дебат оқушылардың өмірлік құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастырып, өз ойларын еркін әрі мәдениетті түрде жеткізуіне мүмкіндік берді.

**Волейбол ер балалар** секциясы оқу жылының басында құрылған арнайы жоспарға сәйкес «Волейбол» секциясы өз жұмысын жалғастырып келеді. Секция құрамында 15 оқушы бар.Арнайы жұмыс кестесі белгіленген. Әр аптаның дүйсенбі және сәрсенбі күндері волейбол секциясының оқушыларымен ойындар өткізіледі. Алдымен дене қыздыру жаттығуларынан бастау алатын секция жұмысы, ары қарай ойынмен жалғасын тауып жүр. Оқушылардың волейбол ойынына деген қызығушылықтары өте жақсы. Команда ішінде өздерін өте жақсы жағынан көрсетіп жүрген мықты спортшы балалар да бар.Арасында өзара жолдастық кездесулер өткізіліп тұрады.ҚББ жарысқа шақыртулар ұсынылатын болса, міндетті түрде қатысып отырады.
**Баскетбол**(секциясы) үйірмесі
1. Үйірменің мақсаты мен міндеттері
Үйірменің негізгі мақсаты – оқушыларды баскетбол спортына баулу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорттық шеберлігін дамыту және командалық рухты тәрбиелеу.
Міндеттері:
- Баскетболдың негізгі техникалық элементтерін үйрету;

- Дене дайындығын арттыру;
- Жарыстарға қатысу арқылы тәжірибе жинақтау;
- Тәртіп пен өзара сыйластықты қалыптастыру.

2. Қатысушылар құрамы

- Үйірмеге қатысушылар саны: 15 оқушы
- Жас ерекшелігі: – жас
- Аптасына өткізілген сабақ саны: _2рет

3. Оқу-жаттығу жұмыстары

Жарты жыл ішінде келесі бағыттар бойынша жаттығулар өткізілді:

- Допты жүргізу (дриблинг);
- Допты беру және қағып алу;
- Себетке лақтыру әдістері;
- Қорғаныс және шабуыл тактикасы;
- Жалпы және арнайы дене дайындығы.

4. Іс-шаралар мен жарыстар

Есептік кезеңде келесі іс-шаралар ұйымдастырылды:

Нәтижелері: 5қарашада "Арқалық қаласы білім бөлімінің Жас-ұлан балалары мен жасөспірімдер орталығы" КМҚК қала және ауыл мектептерінің 1-4 сынып оқушылар арасында"Жакстар " кіші спартакияда шеңберінде ұлдар арасында спорттық ойын Пионербол жарысында жүлделі І оынға ие болды.12 желтоқсанда Арқалық қаласы білім бөлімінің Жас-ұлан балалары мен жасөспірімдер орталығы" КМҚК қала және ауыл мектептерінің 1-4 сынып оқушылар арасында"Жакстар " кіші спартакияда шеңберінде қыздар арасында спорттық ойын Пионербол жарысында жүлделі ІІІ оынға ие болды 12 желтоқсанда Арқалық қаласы білім бөлімінің**ұйымдастыруы мен 7-8 сынып ұл балалары арасында баскетболдан жарыс болды жарысқа балалар барып келді.** 19 желтоқсанда Арқалық қаласы білім бөлімінің**ұйымдастыруы мен 7-8 сынып қыз балалар арасында баскетбол жарысы болып** "Үздік шабуылшы "атанған Айбек Даяна марапатталды

5. Жетістіктер мен оң нәтижелер

- Қатысушылардың баскетболға қызығушылығы артты;
- Оқушылардың физикалық дайындығы жақсарды;
- Командалық ойын дағдылары қалыптасты;
- Тәртіп пен жауапкершілік деңгейі өсті.

**Волейбол** қыздар секциясының 2025-2026 оқу жылындағы жұмыстары. Волейбол секциясына қатысушы 15 оқушы қыз балалар. 5-11 сынып оқушылары. Секция бейсенбі $19^{30}$ да басталып, $20^{30}$ де аяқталады, жұма күндері сағат $18^{00}$ да басталып, $20^{00}$ де аяқталады. Бұл жыл бойына құрылған кестеміз.

Тақырыбы: «Спортты сүй жас қыран!» Мақсаты: «Оқушылардың волейбол ойынына деген қызығушылықтарын арттыру және волейбол ойынын жетік білуге үйретіп, жасөспірімдер арасынан мектеп құрамасын дайындау».

Секция уақытында өтеді, оқушылар секциядан қалмай келеді.

«Волейбол ойынының шығу тарихы, ойын ережелері», «Аланда ойыншылардың орны, орналасуы, ауысу тәртібі», «Допты ойынға қосу әдістері», «Допты ойынға

астынан қосу», «Допты ойынға жоғарыдан қосу», «Жүгіру, арнайы жаттығулар, екі жақты ойын», «Допты қабылдау әдістері», «Допты жоғарыдан екі қолмен қабылдау әдістері». «Допты төменнен қабылдау әдістері». «Ұзақ қашықтыққа жүгіру, арнайы жаттығулар» осы тақырыптарды игерді.
